

Талдықорған қаласының бас жоспары туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 қарашадағы N 1206 Қаулысы . Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 15 қыркүйектегі № 568 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі)

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.09.2017 № 568 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 16 шілдедегі Заңына сәйкес және Алматы облысының әкімшілік орталығы Талдықорған қаласын кешенді дамытуды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Алматы облыстық мәслихаты мен Талдықорған қалалық мәслихаты мақұлдаған Талдықорған қаласының бас жоспары бекітілсін.

2. "Талдықорған қаласын дамытудың бас жоспары туралы" Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің 1984 жылғы 12 шілдедегі N 296 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2004 жылғы 16 қарашадағы
N 1206 қаулысымен
бекітілген

Талдықорған қаласының бас жоспары

1. Бас жоспардың міндеті

Талдықорған қаласының 2015 жылға дейінгі кезеңге арналған Бас жоспары, тіршілік әрекетінің қолайлы ортасын жасау мен қаланы тұрақты түрде дамыту, экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, табиғат пен мәдени мұраларды сақтау мақсатында Талдықорған қала құрылысын дамытуды жоспарлаудың негізгі құжаты болып табылады.

Бас жоспар Қазақстан Республикасы Президентінің "Алматы облысының әкімшілік орталығын Талдықорған қаласына көшіру туралы" 2001 жылғы 14 сәуірдегі N 585 Жарлығын және қаланың жаңа мәртебесін ескере отырып әзірленді.

Бас жоспар қалалық инфрақұрылымды дамытудың перспективалық және бірінші кезектегі бағдарламаларын әзірлеу мен жүзеге асырудың, табиғи кешен аумақтарын сақтау мен дамытудың, тұрғын үйлерді қайта жаңарту мен өндірістік аумақтарды қайта ұйымдастырудың, қоғамдық, іскер және мәдени орталықтарды дамытудың, туризм және демалыс нысандарын дамытудың, қалалық ортаны кешенді көріктендірудің және эстетикалық жағынан ұйымдастырудың, Талдықорғанның әкімшілік аудандарының аумақтарын және оның басқа да аумақтық бірліктерін өркендетудің, қала құрылысы жоспарларын, қаланы жоспарлау мен салу жобаларын әзірлеудің және іске асырудың негізі болып табылады.

Талдықорған қаласын дамытудың Бас жоспарының негізгі мақсаты - экологиялық жағынан қолайлы, қауіпсіз және әлеуметтік жағынан тиімді тіршілік ортасын жасауға бағытталған қала құрылысы шараларының кешенін жүргізу.

2. Әлеуметтік-экономикалық даму индикаторы

Демография

2015 жылға дейінгі перспективада демографиялық процестердің дәстүрлі, бұрыннан қалыптасқан қоғамдық даму факторларының және қоғам өміріндегі үдей түскен әлеуметтік-экономикалық өзгерістердің және жаңарулардың барысында қалыптасатын жаңа факторлардың бүкіл жиынтығының өзара әсерімен анықталатын болады.

Талдықорған қаласын демографиялық дамытудың сипаты халықтың табиғи және көші-қон қозғалысына сәйкес анықталатын болады. Олардың ауқымы мен бағыттылығы мынандай әлеуметтік-экономикалық қайта құрулардың нәтижесіне:

қаланың экономикалық әлеуетінің дамуына;

жұмыспен қамту және еңбекке ақы төлеу деңгейіне;

мемлекеттік және жергілікті әлеуметтік саясатқа, сондай-ақ басқада факторларға байланысты болады.

Халықтың перспективалық санын болжау варианттары бала туу көрсеткішінің (1000 тұрғынға шаққанда 15 баладан 21 балаға дейін) өсуі, өлімнің (1000 тұрғынға шаққанда 12,0 адамнан 9,0 адамға дейін) төмендеуі, халықтың

өмір сүру ұзақтығының артуы мен көші-қон өсімі болжамдарын ескере отырып есептелген. Көші-қон процесінің оң сальдосына 2002 жылы қол жетті және болжамды кезеңнің соңына дейін осылай болады деп жорамалдануда.

Талдықорған халқының 2015 жылға дейінгі кезеңдегі болжамды саны Талдықорғанның таратып орналастыру жүйесіндегі және тұтасынан Қазақстан Республикасы бойынша алғандағы тиянақты да үдемелі демографиялық үрдістермен анықталды.

Талдықорған халқының перспективалық саны екі түрлі варианттар бойынша саналған: реалистік - 140,0 мың адам және оптимистік - 160,0 мың адам. Әрі қарай барлық есептеулер халықтың оптимистік вариантында келтіріледі - 160,0 мың адам. Сонымен қаланың резервтік алаңдарын қосқандағы аумақтарының демографиялық сыйымдылығын 250,0 мың адам құрап отыр.

Халықты жұмыспен қамту құрылымының есептік көрсеткіштері қаланың экономика салаларында жұмыс істейтіндер санының 2000 жылғы 30,7 мың адамнан 2015 жылы 65,6 адамға дейін артады деп болжануда.

Қаланы әлеуметтік және оның қала құрылысын дамытудың негізгі мақсаты - әлеуметтік-психологиялық қолайлы жағдай жасау және осы қаралып отырған аумақта тұрғындардың тұрмыс деңгейінің жоғарғы орта деңгейін қалыптастыру.

2015 жылы 2000 жылмен салыстырғанда:

жалпы өңірлік өнім өндіру көлемінің 3,5 есеге;

күрделі қаржы көлемінің салыстырмалы бағамен алғанда 2,8 есеге;

жан басына шаққандағы кірістің 2 еседен астамға көбеюі Талдықорғанның қала құрылысын дамытудың негізгі бағыттарының экономикалық тиімділік көрсеткіштері болып табылады.

Тұрғын үй-азаматтық құрылыс

Тұрғын жайлар ортасын кешенді қалыптастырудың негізгі бағыттары қаланың барлық тұрғын жай қорын 3 343,7 мың шаршы метр көбейте отырып тұрғын үймен қамтамасыз етуді орта есеппен 1 адамға шаққанда 21 шаршы метр жеткізуді қарастырады.

Құрылыс 857,5 га (жалпы алаңы 1259,7 мың шаршы метр) болатын бос аумақтарда, сондай-ақ ескі үйлерді бұзып алу есебінен қайта жаңартылатын және бұрыннан салынып жатқан құрылыстар арасында үйлер тұрғызылатын көлемі 152,0 га (жалпы алаңы 118,3 мың шаршы метр) аумақтарда жүзеге асырылатын болады. Жеке тұрғын үй құрылысының үлесі бүкіл осы кезеңдегі тұрғын үй құрылысының жалпы көлемінің 51% құрайды.

Жобалау кезеңі бойынша жалпы көлемі 1378 мың шаршы метр құрылыс салу көзделеді, оның ішінде 506 (жалпы көлемінің 36,7%) мың шаршы метрін табыстары орташадан төмен халыққа жалға берілетін әлде қарызға ипотека арқылы және тұрғын үй құрылысы қорының жүйесі арқылы, халық үшін ең қол

жетерлік, муниципалды тұрғын үй құрылысы құрайды; жалпы көлемнің 702 мың шаршы метрін (51%) жеке құрылыс және 170 мың шаршы метрін (12,3%) жалдағы элиталық құрылысы құрайды. Муниципалды қордың жалпы көлемінің 5% бюджет қаражатының есебінен салынады және халықтың әлеуметтік аз қамтылған тобына беріледі.

Құрылыс шығындарын төмендету мен қаланың қазіргі уақыттағы келбетін құруды қамтамасыз ететін, Алматы, Еркінкөктал және Жібек Жолы жаңа тұрғын аудандарын кешенді құру, Талдықорған қаласын дамыту мен қайта құрудың басымдық бағдарламасы болып табылады.

Элиталық тұрғын үй құрылысы, қаланың ең маңызды қалақұрылыс тораптарының жақсартылған сәулеттік келбетін құру мақсатында Қаратал өзенінің жағалауы мен жалпы қалалық орталығында орналасқан.

Бас жоспарда жаңа әлеуметтік-экономикалық және мекемелердің қамтамасыз етуі жөніндегі көрсеткіштерге қол жеткізу бағыттарындағы қалақұрылысы жағдайын 2015 жылға қарағанда қызмет көрсетудің әлеуметтік-кепілдік минимумын, сондай-ақ қалалық маңызы бар нысандарды дамытудың нормативтік көрсеткіштерін ескере отырып әлеуметтік саланы дамыту ескерілген.

Алматы облысының облыстық орталығы, Жоңғар туристік ауданының құрылып жатқан инфрақұрылым орталығы статусына сәйкес перспективалық дамыту, қолда бар мәдени-ағарту тұрғысындағы мекемелерді, әлеуметтік мәні бар денсаулық сақтау және білім беру объектілерін сақтап қалу мен дамыту, Қаратал өзенінде қорғаныс, суспорты және көңіл көтеру объектілерін және имараттарын салу, сондай-ақ эстетикалық келбетін арттыра отырып қоғамдық ғимараттар мен тұрғын үйлер салу әлеуметтік саланы дамытудың негізгі басымдықтары болып саналады.

Экономикалық қызметі

Экономикалық дамудың гипотезасы ресурстық әлеуеттің ежелден қалыптасқан өнеркәсіптің дәстүрлі салаларын дамыту, қаланың Алматы облысының әкімшілік орталығы деген жаңа мәртебеге ие болуы, экономика қызметінің туризм индустриясы деген жаңа саласын дамыту, Ұлы Жібек жолындағы мамандандырылған өңірлік нарық кешендерін дамыту негізінде әзірленген.

Экономиканың мемлекеттік және жеке секторларын одан әрі тиімді үйлестіру, сондай-ақ олардың өзара іс-әрекетін, шағын және орта кәсіпкерлігін дамыту жоспарлануда.

Материалдық өндіріс салаларын қайта құрылымдауды жүзеге асыру экологиялық таза және ресурс сақтау технологиялары пайдасына жүзеге асыру ұсынылады.

Бас жоспарда өндірістік аумақтарды қайта ұйымдастыру ұсынылады, мұның өзі қаланы дамыту мүддесі үшін өндірістік аумақтардың экологиялық қауіпсіздігін арттыру мен осы аумақтардың қала құрылысы әлеуетін тиімдірек пайдалану мақсатын көздейді.

Қаланың рекреациялық инфрақұрылымы

Бас жоспарда қала экономикасының тиімді саласы болып табылатын туризм индустриясын - Жетісудың Ұлы Жібек Жолы тарихи орталығын жандандыру және көлік-коммуникациялық жүйелері, ауыл шаруашылығы, құрылыс, жеңіл және тамақ өнеркәсібі өнімдерін шығару, қызмет көрсету және т.б. ілеспелі салаларын дамыта отырып бірігей табиғи Жоңғар Алатау кешені әлеуеті негізінде құру ұсынылады.

Бас жоспар:

қазіргі кезде қолда бар қонақ үй базасын қайта жаңарту мен жаңа қонақ үйі базасын салуды;

мамандандырылған туристерді ертіп жүру қызметі орталығын құруды;

ақпараттық-анықтамалық қызмет орталығын, туристік бюро мен көлік агенттіктерін құруды;

көңіл көтеру, көрмелер, жәрмеңкелер индустриясын, сауда-тұрмыстық объектілер жүйесін, спорттық-сауықтыру кешендерін және медицина пункттерін салуды;

әуежайда көлік-туристік қызмет көрсету жүйесін, арнаулы көлік қызметін көрсететін парктер мен кәсіпорындарды және автомобильдерді жалға беруді дамыту, туристік аймақтардағы автотұрақтардың сыйымдылығын ұлғайтуды ұсынатын, орталығы Талдықорған қаласында орналасқан рекреациялық ресурстары бар қолайлы аудандарда (Жоңғар Алатауында және Алматы облысының шығыс өңірінде) туристік тірек кешендері жүйесімен бірге туризм инфрақұрылымы жүйесін құруды белгілейді.

3. Талдықорғанның қала құрылысын дамытудың мақсаттары

Талдықорғанның қала құрылысын дамытудың басты мақсаты - қаланы тұрақты түрде дамыту және халықтың тіршілік етуіне қолайлы орта қалыптастыру. Осы мақсатқа қол жеткізу мыналарды сипаттайды:

тіршілік ету ортасының экологиялық қауіпсіздігі және табиғи кешеннің тұрақтылығы;

қала құрылысы шешімдерінің мәдени сабақтастығы;

кеңістіктік бірлік, эстетикалық айқындылық, қаланың үйлесімділігі мен ортаға тән әртүрлігі;

көлік және инженерлік инфрақұрылымның сенімділігі мен қауіпсіздігі;
тұрғын үй проблемасын шешудегі кешенділік, тұрғын үй аумақтарын қайта жаңарту мен өркендету және тұрғын үйлер ортасын қалыптастыру;
өндірістік аумақтарды пайдаланудың тиімділігі;
қоғамдық орталықтар жүйесін дамыту және оған қолдың жетімділігі.

Аталған мақсаттарға қол жеткізу Талдықорған аумағын қайта құру мен көріктендіру, салынған құрылыстарды қайта жаңарту, тіршілік ортасының сапалық сипаттамаларын арттыру жолымен жүзеге асырылуы тиіс.

Экологиялық талаптар

Талдықорған қаласының құрылысын дамытуға қойылатын экологиялық талаптарға мыналар жатады:

табиғи кешеннің қазіргі аумақтарын қолайсыз антропогендік әсерлерден қорғау және резервтік аумақтарда жаңа жасыл желекті алқаптарды қалыптастыру шараларын жүзеге асыру;

тіршілік ортасының жайлылығын, соның ішінде аумақты көгалдандыру, қаланың тұрғын үйлері мен қоғамдық аймақтарындағы микроклиматтық жағдайларды жақсарту жолымен арттыру.

Талдықорғанның қала құрылысын дамытуға арналған экологиялық талаптарды орындауға қажетті шарттар:

экологиялық таза, қалдықтары аз және қалдықсыз технологияларды енгізу, ұйымдастырылмаған жолмен тасталған қоқыстар түпкөздерінің санын азайту, кәсіпорындардың тастама түпкөздерін шаңсорғыш жабдықтарымен, өндірістердің суы ақпайтын циклдарымен қосымша жарақтандыру, өнеркәсіп объектілерін сутазартқыш жабдықтармен жабдықтауды 100 пайызға жеткізу;

ауыз судың сапа стандарттарының сақталуын, өндірістік және коммуналдық сарқынды сулардың, жердің үстіңгі қабаттарындағы сулардың тазартылуын қамтамасыз ету;

көлік қозғалысы қарқынының артуын бақылауды қамтамасыз ету және жүк легін тарату;

"Қайнар" Акционерлік қоғамының "ПДВ жобасында көрсетілген, қорғасын мен оның органикалық емес қосындыларының тасталған қалдықтарын қысқарту жөніндегі шаралардың іске асырылуына қатаң бақылау жүргізуді қамтамасыз ету ;

халық қоныстанған және өнеркәсіп аймақтарындағы ауа бассейнінің жағдайын қадағалайтын стационарлық постылар ұйымдастыру;

жүк көліктері мен аралас көліктердің қозғалысы басым айналма автомагистральдар салу;

Қаратал өзенінің ластануына жол бермеу, тазалау қондырғыларына жиналған лас суды бұру үшін, сондай-ақ жиналған лай судың қаланың оң және сол жақ

жағалауларындағы бөліктердің жабық нөсер канализациясының ендік бағытындағы төсемдер арқылы лас заттардың шалшықталған жыралар мен сайларға ағып түсуіне жол бермеу;

жер асты суларының түп көзі болып табылатын аумақтарда санитарлық қорғау аймақтарын ұйымдастыру;

жобаланған объектілер құрылысына байланысты қолданыстағы және потенциалдық ластану учаскелеріндегі жер асты суларының сапасы мен деңгейіне, астасу шарттарына жүйелі түрдегі режимдік бақылауды ұйымдастыру;

жер асты суларының ластануын, бақылау ұнғымасы қондырғысын қоса, барлық табиғи-қорғау талаптарын сақтай отырып, қатты тұрмыс қалдықтарын қоймалау жөніндегі полигонның жобасын әзірлеу;

түрлі инфекциялардың таралуын шектеу үшін, аурухананың қалдықтарын, оларда залалсыздандыру жөніндегі талаптарды сақтай отырып қоймалауды жүзеге асыру;

барлық бекітілмеген, әсіресе Қаратал өзенінің жайылмасындағы қоқыс тастайтын жерлерді жою.

Аумақты қорғау мен қаланың орнықты

дамуын қамтамасыз ету жөніндегі іс шаралар

Талдықорған қаласының аумағын қауіпті табиғи процестерден қорғау шараларын белгілеу кезінде төмендегілер ескерілді: аумақтардың жоғары сейсмикалылығы (аудан аясының сейсмикалылығы - 8 балл) және қаланың су жағалауындағы аудандарын Қаратал өзені тасқын суының басып кету мүмкіндігі.

Аумақты пайдалану сипатына қарай қала құрылысын дамытуды анықтау функционалдық ұйымдастыру мен саралау барысында, 2002 жылы "ҚАЗМПИЗ" ЖАҚ орындаған "Талдықорған қаласының бас жоспарын әзірлеуге қажет инженерлік-сейсмикалық негізді құрастыру жөніндегі есеп" және "Қазгидрометтің" Қаратал өзені бойынша гидрологиялық бақылау, ҚНЖЕ II-50-74 "Гидротехникалық ғимараттар" жөніндегі мәліметтер негізге алынды.

Талдықорған қаласы тұрғындарының тұрақты түрде жұмыс істеуін арттыру және олардың халқын табиғи сипаттағы төтенше жағдайлардың әсерінен қорғау мақсатында жобада мынадай қала құрылысы шаралары ескерілуде: сейсмика бойынша жекелеген учаскелер мен перспективалық құрылыс жүретін аудандардың сейсмика жөніндегі аудандарға берілген бағаларын ескере отырып, қала аумағын үйлердің қабатына қарай аймақтандыру;

тасқын сулар басып кету мүмкіндігінен, Қаратал өзенінің жағалауына қорғау қондырғыларын салу (қорғаныс дамбалары, тұндырғы-суат, гидротехникалық су реттеу қондырғылары және т.б.);

қала аумағын бұрынғыдан да нақтырақ функционалдық аймақтандыру;

темір жол бойында өндірістік аймақтар қалыптастыру;

айналма транзитті магистральдарға жақын орналасқан көлік-өндіріс кәсіпорындарын қалыптастыру;

шығу магистральдарына ірі рыноктық және қойма кешендерін орналастыру;

қаладағы халық қоныстанған аймақтарды рекреациялық аймақтар жасыл бульварлар сияқты жоспарлау аудандарына бөлу, сондай-ақ төтенше жағдайлар туындаған кезде халықты көшіру үшін пайдаланылатын өзендердің суын қорғау тілімдерін көгалдандыру;

көше-жол жүйесін одан әрі дамыта беру мен оның негізінде тұрақты түрде жұмыс істейтін жалпы қалалық жүйе құру.

Табиғи-ландшафттық орман-парк аймақтарын және қаланы

тарихи дамыту сабақтастығын сақтау талаптары

Талдықорғанның қала құрылысын дамытудың негізгі бағыттары табиғи-ландшафттық орманпарк аймақтарын және қаланы тарихи дамыту сабақтастығын сақтаудың төмендегі талаптарының орындалуын қамтамасыз етуі тиіс:

санаторлық-курорттық объектілері бар орманпарк рекреациялық аймақтарын құру жолымен қаланың солтүстік-шығыс бөлігіндегі бірегей жайылма ормандарды сақтау;

көрсетілген аймақтардың шекаралары мен қалақұрылысы қызметін реттеу тәртіптерін сол шекаралар көлемінде анықтайтын мұндай ландшафттардың қорғалуын және көзбен көріп қабылдаудың оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ететін жалпы қалақұрылысы регламенттерін белгілеу және сақтау;

қала ландшафтының тарихи келбетін, көшелердің тарихи жүйесін және құрылыстардың, сондай-ақ көріктендірудің мінездемесін сақтай отырып этнографиялық ойын-сауық орталығын салумен бірге "Хутор" тарихи ауданын сақтау және дамыту, көріктендіру;

қалақұрылысы және сәулет құралдарымен қаланың аумақтық негіздерін анықтау және акценттеу.

Табиғи кешен аумақтарын сақтау мен

дамытудың негізгі бағыттары

Талдықорған қаласының табиғи кешені табиғат қорғау, рекреациялық, сауықтыру және ландшафтты қалыптастыру функцияларын басым атқаратын, өсімдік және су нысандары аумақтарының жиынтығын бейнелейді. Табиғи кешеннің аумақтарына мыналар жатады: орман-саябақ алқабы (қаланың солтүстік-шығысы), Қаратал мен Көксу өзендерінің құрылыс салынбаған табиғи алқаптары; Ащыбұлақ, Балықты және т.б. кіші өзендердің алқаптары, жасанды каналдар, көгалдандырылған аумақтар - саябақтар, бақтар бульварлар және гүлзалалар, сондай-ақ жаңа көгалдандырылған аумақтарды ұйымдастыруға арналған резервтегі аумақтар.

Табиғи кешеннің аумақтарын сақтау мен дамытудың негізгі бағыттары:

Талдықорған қаласының және Жоңғар Алатауы сілемдерінің тұтастығын сақтау;

әртүрлі деңгейдегі рекреациялық аймақтарды қалыптастыру;

жобалау экологияландыруды қарастырады.

Аумақты сәулеттік жоспарлауды ұйымдастыру

Қаланы аумақтық дамыту

Бас жоспарда қаланың оңтүстік-батыс, Алматы бағытында және оң жақ жағалауда бос жатқан аумақтарды игеру есебінен қаланың тарихи орталығындағы аз қабатты құрылыстарды қайта жаңарту мен қатар қаланы аумақтық дамыту ескерілген.

Бас жоспарда мөлшерімен 250 мың адамға бағытталған (арырақтағы болашақ кезеңге арналған қаланың сыйымдылығы) қаланың аумақтық резервін аяқтайтын, солтүстік-батыс пен солтүстік-шығысына сырттағы көлікке арналған жартылай айналым жолдарын салу ескеріледі.

Бас жоспарда есептелген мерзім шегінде 2295,0 га бос аумақтарды игеру: соның ішінде Алматы бағытында - 820,0 га, шығыс оң жақ бағытында - 1475,0 га, қайта жаңартылған аумақтарда - 152,0 га жерді игеру ескерілген.

Бас жоспарда көп қабатты және аз қабатты үйлерді салу арқылы жаңа тұрғын үй құрылысын жүргізу ескерілген. Көп қабатты үйлерді салу қаланың орталық бөлігіндегі үйлерді, таңдап қайта жаңарту есебінен Алматы тұрғын үй ауданындағы оңтүстік-батыс бағытындағы келісілген құрылыс аймағындағы және жаңа оң жақ жағалаудағы ауданның қоғамдық орталығы тораптарында дәстүрлі жалғастырылуда. Көп қабатты үйлер құрылысы қаланың оң жағалауы және қаланың қолданыстағы бөлігінің солтүстік-батыс ауданында дами бастайды.

Қаланың негізгі магистральдары мен көлік тораптарын одан ары дамыту, көлік тарату құрылыстары мен айналым магистральдары бойынша үзіліссіз қозғалысты қамтамасыз ету мақсатында, бас жоспарда Желтоқсан, Сланов, Шевченко, Чкалов, Абай, Рүстембеков көшелеріндегі бір қабатты үйлерді бұзу ескерілген.

Келісілген құрылыс аймағын оның қайта жаңартылатын қалыптасқан бөлігінде қоғамдық орталық жүйесінің негізгі қалақұрылысы тораптарын құны төмендеген бір қабатты үйлерді бұзу жолымен дамыту ескерілген.

Қаланың жоспарлау құрылымы

Қала құрылымы туралы жалпы мәліметтер. Талдықорған қаласы - Алматы облысының әкімшілік орталығы. Қала Алматы облысының орталығында және

Ұлы Жібек Жолы трассасында, Қытайдан Алматы облысы арқылы Қырғызстан, Ресей және одан ары Европа елдеріне сауда-көлік легі қозғалысы жолдарында орналасқандықтан, тиімді экономикалық-географиялық жағдайға ие болып отыр.

Сыртқы автокөлік жолдары болып табылатын: Талдықорған - Алматы, Талдықорған - Үштөбе, Талдықорған - Өскемен, Талдықорған - Молалы, Матай - Ақтоғай, Талдықорған - Текелі, Талдықорған - Сарөзек - Жаркент - Хоргос магистральдары қаланың негізгі магистральдарымен қиюласып, оның негізгі аумақтық даму бағыттарымен бірге көлік каркасын құрайды.

Жоталы көлік байланысы болып табылатын Жансүгіров көшесі, Қаратал өзеніндегі көпірдің үстінен өтіп әуежайға және Өскемен трассасына бұрылатын жолдармен жалғасып, Алматы мен Үштөбе автожолдарының қиылысынан басталады. Жансүгіров көшесінің қиылысынан басталатын қаланың бас көшесі - Тәуелсіздік көшесі жарыспалы, жоталы көлік жолының қосалқысы болып табылады. Бұл көшенің бойында бас әкімшілік алаң, жалпы қалалық орталық жүйесінің тораптары мен объектілері орналасқан.

Тәуелсіздік пен Жансүгіров көшелері тармақтарымен қоса - қаланың жоспарлау құрылымдарының жүйе түзетін негізгі композициялық осі. Осы осьтан қаланың қоғамдық орталық жүйесі құралады.

Қаратал өзенінің жайылмасы қаланың жоспарлау құрылымының маңызды элементі - қаланың табиғи басым жағы болып табылады. Қаратал өзені қаланы меридиан бойынша сол жақ жаға мен оң жақ жағаға бөледі. Қаратал өзені қала аумағын солтүстік жағынан шектеп, Бұрақой тауының етегімен ағып, қала аумағы бойынша оңтүстіктен солтүстікке және солтүстік-батыс жаққа қарай ағады.

Қала оңтүстік-шығыс жақтан көліктің сыртқы жартылай айналма жолымен шектелген. Жоталы осьқа перпендикуляр өтетін меридионалдық бағыттағы негізгі жолдардың негізгілеріне тұрғын үй аудандарының орталықтары тізіледі.

Қаланың жоспарлау құрылымын дамыту. Табиғи басым ой болып табылатын Қаратал өзенімен бірге Жоңғар Алатауы сілемінің ландшафты ретінде келтірілген, табиғи-экологиялық кешен және көлік-жоспарлау каркасы қаланың перспективалық жоспарлау құрылымының негізін қалыптастырады.

Бас жоспарда қаланың көлік-жоспарлау каркасын дамыту және жетілдіру ескерілген. Бұрынғы магистральдарға қосымша жаңа меридионалдық және ендік магистральдар, айналма автомобиль жолдарын, көлік құралдарына сервистік қызмет көрсету желілерін құру, көлік тарату, жол сілтемелерін, эстакадалар т.т. салу ескерілген.

Бас жоспарда Талдықорған қаласының аумақтық қорын болжаммен 250 мың адамға арналған (қаланың болашақтағы сыйымдылығы) қаланың аумақтық резервін қоршап тұрған солтүстік-батыс және солтүстік-шығысына сыртқы

көлікке айналған айналым жолдарын сала отырып, қаланың жоспарлау құрылымын дамыту ескерілген. Қаланың жоспарлау құрылымы, қаланың аумақтық дамуы мүмкін негізгі бағыттарын қоса аралас линейлік-тарамдалған - айналма жүйесі түрінде орындалып, ұсынылған.

Қала аумағында, оның перспективалық жоспарлау құрылымына сәйкес, қаланың 6 тұрғын ауданы атап көрсетілген. Ендік бағытында Жансүгіров көшесі, меридиан бойынша - Желтоқсан көшесі мен Қаратал өзенінің жайылмасы қаланы екіге бөлуші болып саналады.

Тұрғын аудандардың құрамына: сол жақ жағадағы - Алматы, Көкбұлақ, Қаратал және Жетісу сияқты тұрғын аудандары кіреді. Қаланың оң жақтағы жағасына Жібек Жолы және Еркін-Қаратал сияқты 2 тұрғын аудан кіреді.

Қала аумағын функционалдық аймақтандыру

Бас жоспарда қала аумағының төмендегі функционалдық аймақтары атап көрсетілген: 6 тұрғын үй жоспарлау аудандарынан тұратын халық қоныстанған аймақ, келісілген құрылыс салу аймағы, қоғамдық орталық аймағы және жалпы пайдаланымдағы жасыл желекті алқаптар аймағы, халық қоныстанған аймақ.

Қаланың *Халық қоныстанған аймағы* Қаратал өзенінің сол жақтағы жағасы мен оң жақтағы жағасында орналасып, қала аймағының басым бөлігін алып жатыр. Халық қоныстанған аймаққа төмендегілер кіреді:

тұрғын үйлер орналасқан шағын аудандар мен махаллалар;

жалпы қалалық орталықтың мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету объектілері орналасқан аумақтар;

жалпы пайдаланымдағы жасыл желектер, облыстық мәні бар қызмет көрсету объектілері;

коммуналдық кәсіпорындар, объектілер және инженерлік-көлік инфрақұрылым қондырғылары, тамақ өнеркәсібінің ұсақ кәсіпорындары және т.б. орналасқан аймақтардың оңтайлап шектелген таңбалы учаскелері.

Жоспарланған тұрғын үй аудандары құрылысы, оның қабаттары жай-күйі, абаттандыру деңгейі және оның орналасу жағдайы мен қала құрылымындағы роліне қарамастан басқа да параметрлері жөнінде өзінің сипаты болады.

Бас жоспар аймақты инженерлік дайындау және сейсмоберік құрылыс салу жөніндегі арнайы іс-шараларды орындай отырып, қолда бар ішкі қалалық аймақтарды, оның ішінде құрылыс жүргізуге немесе көркейтуге келмейтін аймақтарды қоса, барынша тиімді пайдалануды ұсынады.

Бас әкімшілік алаңы, кіреберіс тораптар, спорт және медициналық орталықтар, қалалық парктер мен скверлер, аквапарк, хайуанаттар паркі, сафари-паркі және т.б. сияқты жаңадан жобаланған объектілер болып табылатын

негізгі қалақұрылысы тораптары орналасатын, халық қоныстанған аймақтың орталық бөлігі аса тығыз қоныстанған және белсенді түрде дамитын болып табылады.

Бас жоспардың жобасында халық қоныстанған аймақтың аумағындағы Жетісу жоспарлау тұрғын үй ауданы болып табылатын, тарихи қалыптасқан "Хутор" тұрғын үй ауданын қайта жаңарту кезінде елді мекеннің тарихи-этнографиялық кешен түріндегі бастапқы реңі сақтала отырып, стилі мен шырайын көріктендіру жүзеге асырылады. Осы жерде "Хутор" кешенінің орталығында сауда, тамақтандыру объектілері және әшекейлер, киімдер т.т. сататын сауда орындарымен қоса қызмет көрсету орталығын құру ескерілген. Тарихи-этнографиялық кешен бейнесі тұрғын үй-жайларды қайта жаңарту, көшелерді көріктендіру, жарықпен қамтамасыз ету және шағын сәулет нысандарын орнату арқылы қалыптастырылатын болады.

Иелігінде жері бар аз қабатты үйлерді, Көкбұлақ тұрғын үй жоспарлау ауданының шығыс жақтағы бөлігіне салу қарастырылған 5 - қабатты үйлерден тұратын шағын аудандар ретінде келтірілген Алматы тұрғын үй жоспарлау ауданында, 5 қабатты тұрғын үйлер құрылысын аяқтау ескерілген.

Сол жақ жағалаудағы бөлікте, жаңа қалақұрылысы торабы келбетін қалыптастыру үшін, көп қабатты тұрғын үйлер құрылысын жүргізу ескерілген. Сонымен қатар бұл жерде топтастырылған және жекелеген үйлер салынатын болады.

Бас жоспарда болашақта дамытылатын бос аумақтарда құрылыс жүргізу және тозған бірқабатты тұрғын үй махаллаларын жаңарта отырып, қаладағы халық қоныстанған аймақтың қалыптасқан бөлігінде қолайлы орталықты сақтап, дамыту ескерілген.

Өнеркәсіп аймағына оңтүстік, оңтүстік-шығыс және солтүстік өнеркәсіп аймақтары, канализациялық тазартқыш қондырғылары мен сарқынды суларға арналған тұндырғысы бар коммуналдық аймақ кіреді. Қаланың өнеркәсіп аймағына 4 өнеркәсіп торабы кіреді:

1 өнеркәсіп торабына қаланың жұмыс істейтін негізгі өнеркәсіп орындары, қаланы жылумен бір орталықтан қамтамасыз ететін "Басқуат" жылу қазандығы кіреді. Аймағы темір жолмен қамтамасыз етілген.

2 өнеркәсіп торабына бос тұрған қорлар мен аймақтарды тиімді пайдалану ескерілген солтүстік-шығыс өнеркәсіп аймағы кіреді. Аймағы темір жолмен қамтамасыз етілген. Оңтүстік-шығыс өнеркәсіп аймағының солтүстік бөлігі тұрғын үй салуға пайдалану үшін резервке енгізілген.

3 өнеркәсіп торабына қаланың атаулы кәсіпорны - жыға-мамық фабрикасы бар солтүстік өнеркәсіп аймағы кіреді.

4 өнеркәсіп торабына қалалық канализация қондырғылары, санитарлық-қорғаныс аймағы бар коммуналдық аймақ кіреді. Бұл жерде, солтүстік көлік айналым жолына түйісетін аумақта мал-жем рыногын орналастыру ескерілген.

Санитарлық-қорғау аймағы дегеніміз халық қоныстанған және өнеркәсіп аймақтарының арасындағы көгалдандырылған қорғаныс аймақтары. Жобада ескерілген Қаратал мен Алматы жобалау аудандарының тұрғын үй салу және оңтүстік өнеркәсіп аймақтары арасында санитарлық-қорғаныс аймақтарын ұйымдастыру ескерілген.

Оңтүстік-шығыс өнеркәсіп аймағында қазір жұмыс істемейтін өнеркәсіпорындарының зияндылығын анықтау кезінде санитарлық-қорғаныс аймағы есептеу мерзімінен тыс қалыптастырылатын болады. Солтүстік өнеркәсіп аймағында санитарлық-қорғаныс аймағы нақты бар тұрғын үй қорын қайта түзетумен бірге құрылуы керек.

Рекреациялық аймақ Қаратал өзенінің жайылмасына орналасқан. Саябақ, орман-саябақ аймақтарына, ландшафтты аймақтарға келіп тірелетін жолдар - қоршау дамбаларымен қоршалған, Қаратал өзенінің жайылмасының жобаланған шектеріндегі аймақтарды қамтиды. Рекреациялық аймақта, қалалық аудандардың шегінде, қала тұрғындары, қонақтар мен туристер үшін демалу аймақтарын құру, бар көпірлерді қайта жаңарту, гидротехникалық қорғаныс имараттарын салу ескерілген.

Қаратал өзені сағасының осы бөлігінде сағаны түзеу жұмыстарын орындау жолымен реттеу, тау өзенінің сипатын, ландшафттық ерекшеліктерін ескере отырып, реттеу құрылыстарын және басқада құрылыстарды салу көзделеді.

Бас жоспар өзеннің, қала келбетін қалыптастыруға әсер ететін, негізгі табиғи басым ой ретіндегі мәні ескеріле отырып, есептесу мерзімінің аяғына дейін жұмыстардың барлық кешенін бітіруді ұсынады. Ағаш жынысының және жануарлар дүниесінің бай құрамымен орман саябақ алқаптарын сақтау мақсатында Қаратал өзені жайылмасының солтүстік бөлігі реттелмеген. Жайылманың осы бөлігінің бірен-саран жекелеген учаскелерін демалыс және емдеу объектілерін орналастыруға пайдаланатын болады.

Көшелер мен жолдарға арналған аймақтар дегеніміз қаланың жалпы қалалық және аудандық магистральдары, негізгі қалалық жаяу жол байланыстары мен бульварлары, көлік имараттары объектілерінің аймағы, темір жолға арналған аймақтар бойынша алынған қызыл сызықтар шегіндегі учаскелер.

Есептелген мерзімге дейін де, келешекте де пайдалануға арналған аймақтар орналасқан, қаланың жаяу жүретін бульварларының, барлық деңгейдегі көшелер мен магистральдарының қызыл сызықпен шектелген аймақтар қоғамдық пайдалануға қажетті муниципалдық аймақтарға жатады.

Ерекше белгіленген аймақтар дегеніміз арнайы әскери бөлімдер мен әскери ведомстволар аймақтары. Бұл жерде тұрғын үй құрылыстары, жабық түзету мекемелерінің корпусы, казармалар, сонымен қатар коммуналдық, өнеркәсіп және басқа да объектілер қоса орналасқан.

Өңірлік сауда объектілерінің аймақтары дегеніміз қосымша қызмет көрсету объектілері бар мамандандырылған өңірлік және көтерме-бөлшек сауда базарлары, жәрмеңкелер аймақтары.

Бас жоспар Ұлы Жібек Жолы трассасы бойынша өтетін сауда жүк легіне, яғни Қытайдан Ресей мен Европаға өтетін жүктерге, сондай-ақ сауда туризмінің легіне (shop-туризмге) қызмет көрсетуге арналған сауда объектілерін орналастыруды ескереді. Бұл аймақтар тек белгіленген бағытта ғана қолданылуы және көлікке қатысты барынша жайластырылуы тиіс.

Резервтегі аймақтар - қаланың болашақ даму аймағы қаланың халық қоныстанған аймағын дамыту үшін қолданылады және муниципалдық жерлер деп саналады. Бұл аймақтарда басқа да функционалдық аймақтардағы сияқты қызыл сызықтарды қатаң сақтау шарттары басшылыққа алынады.

Аумақты құрылыстық аймақтандыру

Бас жоспарда ескерілген құрылыстық аймақтандыруға, келісілген құрылыс аймағында, қоғамдық орталықтағы жаңа қалақұрылысы тораптарында қабаттылығы жоғары үйлер (9-12-16 қабатты), қалаға кіреберістегі Алматы тұрғын үй жоспарлау ауданындағы 5 қабатты тұрғын үйлер құрылысы, топталған 1-2-3 қабатты тұрғын үйлер құрылысы, қаланың сол жақ бөлігіндегі жерлері бар аз қабатты тұрғын үйлер құрылысы кіреді.

Бас жоспар, қабаттылығына қарай тұрғын үй құрылысы және қаланың қоғамдық орталығындағы жекеменшік құрылыс аумағындағы құны төмен бір қабатты тұрғын үйлерді құлата отырып, тиістілігіне қарай аумақтың қолайлылығын және бөліну мүмкіндігін ескере және муниципалдық құрылысқа, аралас меншік объектілері құрылысына аумақтар бөле отырып орындалған.

Қоғамдық аумақтарды дамытудың негізгі бағыттары

Талдықорған қаласының қоғамдық орталығын құратын құрылымның маңызды бөлігі - өзара байланысты бірыңғай жүйедегі жалпы қалалық қалақұрылысының жүйесінен, алаңдар мен аудандық маңыздағы орталықтардан тұрады.

Қалыптасқан негізгі композициялық осі - Тәуелсіздік және Жансүгіров көшелерінің аралығындағы жаяу жол аумағы, бас жоспармен, Мұқан Төлебаев көшесіндегі жаяу жол бульварымен толықтырылды.

М.Төлебаев атындағы бульвар өзімен қиылысатын меридионалдық осьтерімен, жоспарлану аудандарындағы тұрғын үйлердің орталық жүйесінің қаңқасын қалыптастырады. Жалпы қалалық аумақтық жүйе орталығы, бас

жобаға қарасты құрылысы келісілген аумаққа және Әкімдіктің шешімдеріне сәйкес қатаң түрде құрылыстармен толықтырылады.

Бас жоспарда, негізгі ансамбльдердің, алаңдар мен қаланың қалақұрылысы жүйелерінің жаңа бейнелерін және келбетін жасайтын принциптік шешімдер берілген:

Әкімшілік алаңдарын салу жүйесі, Ақын Сара, Абай, Тәуелсіздік және Жансүгіров көшелерінің аралығында орналасқан бас алаңмен бірге Алматы облысы Әкімдігінің ғимараты және І.Жансүгіров атындағы Мәдениет сарайы, Қабылдау үйі, Казкоммерцбанк ғимараты, музей және жобалаудағы: "Жібек жолы" институты, жастар клубы, галерея және т.б. ұсынылған.

"SILK WAY" жаңа қалақұрылысы жүйесі қала құрылысының жағдайы өте тиімді, қала бойынша жаңа көріністерді шолуға, көліктермен кедергісіз жетуге өте ыңғайлы, қаланың оң жағалау мен қаланың сол жағалау бөлігінің қиылысқан жерінде орналасқан. Бұл жүйе бас жоба бойынша жаңаша, қала құрылысының маңызды қоғамдық кешені, құрылыс салынған жағдайда Талдықорған қаласы жаңа, қазіргі кезең келбетіне сай келетіндей қарастырылған.

Жүйе үш бөліктен тұрады: 1-ші бөлік - сол жағалауында тұрғын үйлер және "Рамстор" жүйесіндегі супермаркет, қонақ үйлер, 5-9-12 қабатты көп пәтерлі үйлер және т.б. қосымша құрылыстар;

2-ші бөлік - Қаратал өзенінің жағалауында көріктендірілген "Арена Семиречья" су кешені, оның су аренасы, аттракциондары, жағажайлары мен каскадты фонтандары, Қаратал өзенінен өтетін көпірдің қайта жаңартылуы;

3-ші бөлік - Тәуелсіздік және Жансүгіров көшелерінің бағытындағы биік "Silk Road" іскерлік және мәдени ынтымақтастық орталығы, дискотеклуб, мейрамхана, боулинг-зал, шағын маркет, "Виртуальный мир" балалар клубы, кино орталығы және жаңа қарағай саябағы.

Талдықорған қаласының аумағын қала құрылысының аймақтарына бөлу

Талдықорған қаласын дамыту Бас жоспарда аумақтарды қала құрылыстарының аймақтарына бөлу "Қала құрылысы, қала және селолық мекендерде құрылысты жайғастыру жоспарының 3.01.01-2002 ҚНЖЕ-ге сәйкес белгіленуде. Бас жоспар қала құрылысының аумақтық бірлігін, көшелер мен жолдардың қызыл сызықтарын ескеру арқылы, аумақтық деңгейде атқарымдық пайдалануға арналған талаптар қояды. Талдықорған қаласының жобалау шеңберінің көлеміндегі қала құрылысында 335 аумақтық бірлік бар, олардың әрқайсысының көлемі орташа 20 гектарды құрайды.

Белгіленген қатаң, орташа және жұмсақ регламенттермен аймақтарға бөлудің атқарымды мақсаты Талдықорғанда қала құрылысы дамуының мақсаттарына, талаптарына, негізгі бағыттарына сәйкес қала құрылысы қызметін жүзеге асыру

барысында қала аумақтарын пайдалануды қамтамасыз етудің заңды құралы болып табылады.

Белгіленген қатаң, орташа және жұмсақ регламенттермен аймақтарға бөлу жергілікті органдар үшін қала құрылысы және жер учаскелерін пайдалану саласында шешімдер қабылдауға міндетті болып табылады. Қала құрылысының қызметі аумақтарды функционалды бөлудегі белгіленген мақсаттарға қайшы келуіне "Қала құрылысы" 3.01.2002-ҚНжЕ арқылы тыйым салынады. Бас жоспар бірліктерінің атқарымды мақсаты Талдықорғанның Бас сұлбасы арқылы белгіленеді. Бас сұлба қала құрылысын дамытудың негізгі бағыттарында және Бірінші кезектегі қала құрылысы шараларының бағдарламасында қарастырылған қаланың аумақтарын пайдалану өзгерістерін заңды түрде бекітеді.

Дамытудың бас сұлбалары қала аумағында пайдаланылатын атқарымды өзгерістердің төмендегідей негізгі үрдістерін белгілейді:

демографиялық сыйымдылықты жоғарғы деңгейге 250,0 мың адамға жеткізу үшін қаланың селитебтік аумағын көбейту, сонымен қатар бос тұрған өндірістік аумақтарды қысқарту;

рекреациялық бағыттағы және арнайы объектілердің құрылысын көбейту (жағалаудағы аумақты көркейту, Қаратал өзенін су тасқындарынан қорғайтын ғимараттар құрылысын салу, жаңа қарағай саябағын салу, зоопарк және т.б.);

арнайы жабдықталған нарықтық кешендерді орналастыру үшін аумақтар бөлу (көлік, мал жемі, көтерме-бөлшек сауда және т.б.);

қоғамдық маңызы басым азаматтық-тұрғын үй нысандарын орналастыру үшін келісілген құрылыстарды салуға аумақтар бөлу.

Қала аумағында құрылыс салуды реттеудің жалпы ережесі

Қала аймағында құрылыс салудың жалпы ережесі бойынша Талдықорған қаласының Бас жоспарында төмендегілер ескерілді:

қалада қала құрылысы жалпы регламенттері мен шектеулерін сақтау;

көше-жол жүйесінің сұлбасына сәйкес қызыл сызықтарды сақтау; көше-жол жүйелесін қызыл сызықтар шегінде дамыту үшін қарастырылған аумақтар (муниципалитеттік жерлер) муниципалитеттер жабдықтары болып есептеледі;

қаланың қоғамдық орталығын келісілген құрылыс аумағын, рекреациялық, коммуналдық-қамбалық, өндірістік-селитебтік функционалдық аумақтар шеңберінде сақтау;

республикалық және жалпы қалалық маңыздағы инженерлік-көліктер дәліздерінің шекарасын сақтау (инженерлік коммуникациялар тораптарының дәліздері және имараттар).

4. Көлік инфрақұрылымын дамыту

Бас жоспарда сыртқы көлік жүйесінің дамуы (әуе, темір жол, автокөлік) әуе және темір жол, жолаушылар тасымалдауды қайта жаңарту, көше-жол жүйелерін жетілдіру және инженерлік көлік имараттарын, қаланың автокөлік паркінің жылжымалы құрамын жетілдіру, жанармай станциясы кешендерін және көліктерге қызмет көрсетуді дамыту арқылы қарастырылған.

Көлік инфрақұрылымын тиімді дамыту үшін төмендегілер негізгі шаралар болып табылады:

Сланов және Рүстембеков көшелерінің маңында жаңа автовокзал салу, әртүрлі сыйымдылықтағы автобустар паркін жаңарту;

әуежайдың құрал-жабдықтары мен ұшу-қону алаңын қайта жаңарту, әуежай вокзалының ғимаратын күрделі жөндеуден өткізу, ұшақтар паркін толықтыру және қайта жаңарту;

100 жолаушыға арналған жаңа темір жол вокзалын салу, жолаушыларды Көксу станциясына жеткізу, әрі қарай Алматы және Шығыс Қазақстан бағыттарына жіберу үшін тепловоздар мен тіркемелі жолаушылар вагонын сатып алу;

Алматы - Талдықорған - Өскемен жолындағы жартылай айналымды толықтыруға, жалпы қалалық және аудандық маңыздағы жұмыс істеп тұрған магистральдарды қайта жаңарту, қаланы айландыра, ұзындығы 25 км. жоғарғы жылдамдықтағы айналымды қалыптастыру;

жалпы қалалық маңыздағы тораптармен қиылысатын әр деңгейдегі әртүрлі 11 көлік тармақтарын салу;

Қаратал өзенінің су артерияларымен қиылысатын автокөлік жол тораптарына жаңадан 2 көпірдің құрылысын салу қала ішімен өтетін, Тәуелсіздік көшесінің бағытындағы көпірді қайта жаңарту;

автобустар паркін көбейту және жаңарту, жолаушылар тасымалдаушы автокөлік кәсіпорындарының құрылысын салу, әртүрлі типтегі гараждар мен тұрақты немесе уақытша сақтауға арналған көлік тұрақтарының, сонымен бірге, техникалық көмек көрсету және жанармай станциялары кешендерінің құрылысын салу.

5. Инженерлік инфрақұрылымды дамыту

Сумен қамтамасыз ету

Қала сапалы ауыз сумен қамтамасыз етілген. Қалалық су қабылдайтын имараттар резерві жеткілікті, келешегі бар, қуаты ұзақ мерзімге арналған. Бас жоспар қаланы сумен қамтамасыз ету жүйесін дамытудың төмендегідей бағыттарын қарастырады:

су құбырлары өнімділігінің жалпы қуатын тәулігіне 111,0 мың м³ дейін арттыру арқылы оның бұрыннан бар аймақтық жүйесін, шаруашылық-ауыз су, өндірістік және өртке қарсы пайдаланылатын су құбырын сақтау және дамыту;

су айдайтын сорғыш станциясының 3-ші бөлігі мен 10 км. су құбырының желісін қайта жаңарту және 23 км. су құбырының желісі мен жүйесінің жаңа құрылысын салу арқылы су құбырлары жүйесінің сенімділігін арттыру.

Су бұру тармақтары

Бас жоспарда канализация жүйесін дамыту бөлігінде төмендегілер қарастырылған:

канализация жүйесінің сенімді жұмыс істеу қуатын арттыру арқылы оның жалпы қуатын тәулігіне 72 мың м³ дейін жеткізу;

канализация жүйесін дамыту, ескірген магистральдық коллекторлардың (26 км) орнына жаңаларының құрылысын салу, су айдайтын жаңа сорғыш станцияларын салу (6 бірлік);

қала канализацияларына зиянды заттардың концентратын ағызбау мақсатында кәсіпорындардағы технологиялық процестерді жетілдіру есебінен суды тазартудың сапасын жақсарту және технологиясын жетілдіру, аэрация станцияларында биологиялық тазартудың жаңа технологияларын енгізу.

Аумақтарды инженерлік дайындау

Бас жоспарда қала аймақтарындағы жерасты суларының көтерілу деңгейін төмендету, жасыл желектерді суғаруды ұйымдастыру, Қаратал өзенінің жағалауындағы аумақты көркейте отырып, аумақтарды су тасқындарынан қорғау қарастырылған.

Құрылыс салынатын қала жерлерін пайдалану үшін негізгі шаралар төмендегілер болып табылады:

тік дренаж жүйесінің құрылысын салу (14 ұңғыма), бұлақтарды ашып жер асты суларын қала сыртына шығару;

жер бетіндегі нөсерлі жауын-шашын суларын жинастырып, қала аумағынан тысқары шығару үшін ұзындығы 30 км. жабық канализация торабының жүйесін салу;

бұрыннан бар суландыру каналдары мен бірге (68 км) су бөгеу имараттарын қайта жаңарту, жекелеген жер учаскелерін және қаладағы жасыл желектерді суландыру үшін үйлестіруші суландыру каналдары мен арықтардың жүйелерін салу;

Қаратал өзеніне жақын құрылыс салынған аумақтарды су басудан сақтап, өзен арнасымен су тасқындарын өткізіп жіберуді қамтамасыз ететін гидротехникалық имараттар кешенін салу;

Қаратал өзенінің жайылмаларында су спорттық демалыс аумақтарын жасау.

Жылумен жабдықтау

Бас жоспарда Талдықорған қаласын жылумен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары төмендегілер болып табылады:

қазіргі заман технологиялар және жабдықтар базасында жылумен жабдықтаудың қалыптасқан жүйелерін жетілдіру, техникалық қайта жарақтандыру және дамыту;

орталықсызданған жылумен жабдықтау аймағында қазіргі заманға сай дербес жылумен жабдықтау көздерін енгізу;

жалпы ұзындығы 11 км. болатын жаңа жылу магистралін салу, бұрыннан қалыптасқан жылу беру аймағында жылу магистральдарын салу және жекелеген учаскелерде олардың қуатын арттыру;

жаңа салынған көп қабатты үйлерді жылу жүйесімен қамтамасыз ету үшін қазіргі бар орталықтандырылған жылумен жабдықтау көздеріне қосу;

қазіргі заман талаптарына сай технологиялық жабдықтарды пайдаланып, (Басқуат N 1, 17), жұмыс істеп тұрған қазандықтарды қайта жаңарту.

Электр қуатымен жабдықтау

Талдықорған қаласын электр қуатымен жабдықтау жүйесін дамытудың негізгі бағыттары:

қаланы электр қуатымен жабдықтау көзі - "Талдықорғанның 220/110/10 КВ кіші станциясын" қайта жаңарту;

келешекті ескеріп, бұрыннан құрылыстар салынған аймақтағы электр жүйелері мен ғимараттарын қайта жаңарту, техникалық қосымша жарақтандыру;

үлкен габаритты трансформаторлармен ауыстырып, қайта жаңарту есебінен, жұмыс істеп тұрған 110/10 "Береговая", "Заря", "Еркинская" кіші станцияларының қуатын арттыру;

электр қуатын пайдаланғаны үшін сараланған тарифтерді енгізуге байланысты тұтынудың барлық салаларында электр қуатын үнемдеу шараларын енгізу.

Газбен жабдықтау

Қаланы газбен жабдықтау сұйытылған газбен қамтамасыз етілген. Табиғи газ көздері жоқ. Бас жоспарда, тұтынушылардың өсуіне сәйкес резервуарлар жүйесін дамыту қарастырылған. Сұйытылған газды тұтыну 2015 жылы 113 мың тонна/жыл деңгейін құрады.

6. Бас жоспарды жүзеге асыру және оның мониторингі

Талдықорған қаласын дамытудың Бас жоспарын жүзеге асыруды және оның мониторингін Талдықорған қаласының жергілікті атқарушы органдары қамтамасыз етеді.

Талдықорған қаласының әкімдігі Талдықорған қаласын дамыту Бас жоспарының мониторингін және жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. 2005 жылға дейінгі кезеңге арналған бірінші кезектегі қала құрылысының шаралар бағдарламасын жүзеге асыру нәтижелеріне қарай, Бас жоспар түзетілуге жатады.

Бас жоспарды түзету әр бес жылда жүргізіледі және келесі есептік кезеңге арналған бірінші кезектегі қала құрылысы шаралары бағдарламасын қабылдаудан, қажеттілігіне қарай Талдықорған қаласы аумағын қала құрылысы аумақтарына бөлудің бас сұлбаларын түзетуден тұрады.

Талдықорған қаласы Бас жоспарының техникалық-экономикалық көрсеткіштері

Көрсеткіштер |Өлшем |Жылдар бойынша |2005-2015 ж.

|бірлігі|көрсеткіштері |кезеңіндегі

||_____||құрылысқа

||2000 |2005 |2015 |инвестициялар көлемі

||жыл |жыл |жыл |(млн. теңге)

|||||_____

|||||Барлығы|Оның ішінде

|||||жергілікті

|||||бюджеттен

1 2 3 4 5 6 7

1. Аумақ га 7989,4 7989,4 7989,4

қала шеңбері

шегіндегі

елді мекен

жерінің көлемі,

барлығы

оның ішінде

мемлекет га 592,7 592,7 592,7

меншігіндегі

жер

Коммуналдық га 5719,5 5689,5 5060,0

меншіктегі

жер

жеке меншіктегі га 1677,2 1707,2 2336,7

жерлер

2. Халық

1) қарамағындағы мың 117,7 122,0 160,0
елді мекендерді адам
қоса есептегенде
тұрақты халық
саны

2) қала аумағы га/адам 14,7 15,3 20,0
шегіндегі
халық
қоныстануының
жиілігі

3) экономикалық мың 69,3 74,0 100,0
еңбекке қабі. адам
летті тұрғындар

3. Тұрғын үй

құрылысы 17675,0 2443,0

тұрғын үй қоры, жалпы 1993,2 2031,4 3343,7 Инвестициялар көле.

барлығы алаң мінде жеке құрылыс

оның ішінде: мың м² шығындары ескерілмейді

муниципалды Жалпы

тұрғын үй қоры, алаң - 8,1 25,3 875,0 343,0

оның ішінде мың м²

халықтың Жалпы - 8,1 25,3 875,0 343,0

әлеуметтік алаң

қорғалған тобына мың м²

арналған

мемлекеттік

муниципалдық

қоры

жеке меншік. Жалпы 1993,2 2023,3 3318,4

тегі тұрғын үй алаң

қоры мың м²

халықтың жалпы м²/адам 17,0 17,0 21,5

алаңмен орташа

қамтамасыз

етілуі

тұрғын үй мың - 0,9 26,6

қорының шығыны, адам

барлық жалпы

көлемі,
оның ішінде:
құрылысты қайта мың м² - 0,2 24,5
жаңартуға
байланысты ескі
үйлерді бұзу
жаңа тұрғын үй мың м² - 70,3 1307,7 16800,0 2100,0
құрылысы,
жалпы алаңы
тұрғын үй
құрылыстарының
қабаттармен
салыстырмасы:
аз қабатты үйлер мың м² 877,4 896,5 1490,9
көп қабатты үйлер мың м² 1115,8 1166,1 1852,8
4 . Әлеуметтік- 18584,0 2650,0

тұрмыстық бағыт.

тағы мекемелер

- 1) мектеп жасына орын 1107 1950 2910
дейінгі балалар
мекемесі, барлығы
- 2) жалпы білім орын 22527 24700 29000
беретін мекемелер
барлығы
- 3) емханалар тәулік/ 2545 3380 4190
адам
- 4) барлық типтегі төсек 1490 1490 2940
ауруханалар
- 5) сауда сауда 7488 Кәсіпорындар
кәсіпорындары, алаңы саны
(орта және ұсақ м²
дүкендер)
барлығы
- 6) нарық кешендері, с/алаң 1850 сұранысқа
барлығы м² байланысты
- 7) қоғамдық орын 1633 анықталады,
тамақтандыру инвестиция.
кәсіпорындары, лар есебінен

барлығы жүзеге
8) тұрмыстық жұмыс 284 асырылады
қызмет көрсету орны
кәсіпорындары,
барлығы

**5. Көлік және
жолдар 31685,0 3000,0**

1) көшелер мен км 347,0 399,0 488,5
жолдардың
жалпы ұзындығы,
барлығы
2) жалпы қалалық км 94,0 133,0 167,5
аудандық мәні
бар магистраль.
дар

**6. Инженерлік
қамтамасыз ету 4370,0 723,0**

1) сумен
қамтамасыз ету 387,5 110,0
2) тұтыну тәул/ 42,12 46,86 61,01
жиынтығы (шығын. мың м³
дары) мен босқа
аққанын қоса
алғанда барлығы)
соның ішінде:
шаруашылық-ауыз тәул/ 18,7 20,9 10,24
су мұқтаждарына мың м³
өнеркәсіптік тәул/ 2,5 2,51 2,58
мұқтаждарға мың м³
3) су тұтыну тәул/ 230 230 230
1 адамға орта литр
есеппен тәулігіне,
барлығы оның 50 50 50
ішінде
шаруашылық-
ауыз су
қажеттілігіне
4) кәріз (сарқынды тәул/

судың төгілуі) мың м³ 26,02 30,38 42,81 400,0 239,0
5) электрмен млн/кВт 70,33 145,2 314,0 685,0 103,0
жабдықтау сағ/жыл
(тұтыну жиынтығы)
6) жылумен сағ/Гкал 366,0 366,0 366,0 2705,5 -
жабдықтау (жылу
көздерінің
белгіленген
қуаты), барлығы
7) газбен жабдықтау жыл/ 4,5 6,5 11,3 192,0 -
(сұйытылған газды мың
тұтыну), барлығы тонна

7. Аумақты

инженерлік әзірлеу 4080,0 184,0

1) нөсерлі жауын суы км - - 30
кәрізінің жалпы
ұзындығы
2) жағаларды км - 12,0 4,0
бекіту шаралары
3) жер асты мың/га - - 1,4
суларының
деңгейін
төмендету
4) суғару км 17,5 26,5 68,0
каналдарының
магистральдары
5) ашық арықтар
жүйесі км 35,9 51,9 296,0

8. Басқа да

шығындар 9599,0 -

Барлық шығындар: **85993,0 9000,0**

2005-2007 жылдарға арналған тұрғын үй құрылысын дамыту Мемлекеттік бағдарламасы бойынша Республикалық бюджеттен барлығы 3849,7 млн. теңге бөлінеді, оның ішінде коммуналдық тұрғын үйлер салуға 635,0 млн. теңге, кредит қаражаттары есебінен тұрғын үйлер салуға 3214,7 млн. теңге. Оның ішінде 2005 жылы коммуналдық тұрғын үйлер салуға 121,5 млн. теңге бөлінеді және кредит қаражаты арқылы құрылыс жүргізуге 1262,1 млн. теңге бөлінеді.

2005-2007 жылдары Тұрғын үй құрылысы бағдарламасы бойынша жобалау-сметалық құжаттарын жөндеуге және инженерлік жүйелерін салуға жергілікті бюджеттен 1278,6 млн. теңге бөлінеді оның ішінде 2005 жылы 309,5 млн. теңге.

Қабылданған қысқартулар

ҚазМИИ ЖАҚ - Қазақ мемлекеттік инженерлік ізденістер институты жабық акционерлік қоғамы

ҚНжЕ - ҚР құрылыс нормалары және ережелері. Сәулет қала құрылысы және құрылыс саласындағы мемлекеттік нормативтер.

ПДВ - атмосфераны ластайтын қалдықтардың рұқсат етілген шекті тастандылары.

"Қайнар" АҚ - "Қайнар" акционерлік қоғамы.

ЖАКК - жолаушы автокөлік кәсіпорны. Жолаушыларды қала ішінде және қала аралық тасымалдауды жүзеге асырады.